

**ЖК «Улжан Айдаровна» «Мадагаскар» жеке балабақшасы кезектен
тыс педагогикалық кеңес отырысының №4 §2 хаттамасы
31.03.2025 ж.**

Қатысқандар: өзін- өзі бағалау комиссия мүшелері

Комиссия төрайымы: Н.С.Серікова – меңгеруші

Комиссия мүшесі: А.А.Ахметкалиева-әдіскер, тәрбиеші

Г.М.Халиуллина-тәрбиеші

Ж.М.Қуатова -тәрбиеші

Д.У.Батырова-есепші

Барлығы: 12 педагог.

Күн тәртібі

1.2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарына жүргізілген өзін- өзі бағалау комиссиясының есебін тыңдау. (жауапты: өзін- өзі аттестаттау комиссия төрайымы Н.С. Серікова

Тыңдалды:

Н.С.Серікова өзін-өзі аттестаттау комиссия төрайымы, меңгеруші: Өзін-өзі бағалау комиссиясы тәрбиелеу мен оқыту әрекетін ұйымдастыру бойынша 2022-2023, 2023-2024, 2024- 2025 оқу жылдарының мынадай деректі құжаттарын қарады.

- білім беру бағыттарының және ұйымдастырылған іс- әрекеттердің МЖМБС талаптарына және ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылдың 09 қыркүйегіндегі №394 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқыту жоспарлары;

- Іс- әрекеттердің бөлінуін растайтын құжаттар, күн тәртібі, 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарына циклограммаға сәйкес перспективалық жұмыс жоспарлары;

- МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар педагогтардың құжаттары; ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жүргізілген бағдарламалар мен түзету-дамыту жұмыстарының жоспарлары, педагогикалық-қолдау қызметінің құжаттары; Тәрбиеленушілердің даму мониторингі және нәтижелері; педагогтардың перспективалық жұмыс жоспары; апталық оқу жүктемесі;

Комиссия мүшелері 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарының тәрбиелеу-оқыту бойынша МЖМБС талаптарының сәйкестігіне зерделеу жұмысын жүргізді.

Комиссия төрағасы Н.С.Серікова өзін-өзі бағалау есебі тыңдалды. Өзін- өзі бағалау, бағалау өлшемшарттарына сәйкес қорытындыланып, комиссия мүшелерінің дауысқа салуымен «жақсы» деген баға қойылды.

Сөз сөйлегендер:

Халиуллина Г.М.- тәрбиеші. Өзін- өзі бағалау бойынша комиссия мүшелерінің есебін тыңдай отырып, бөбекжайдың тәрбиелеу оқытуда МЖМБС талаптарына толық сақталған деп есептеймін. 2022-2023, 2023-2024 және 2024-2025 оқу жылдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының сәйкестігін көрдік, бағаладық.

Ахметкалиева А.А.-тәрбиеші. Өзін- өзі бағалау материалдарын сараптай келе мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын балаларда қалыптастыруда бірізділік пен жүйелілік сақталғандығын айтуға болады.

Шешімі:

1. ЖК «Улжан Айдаровна», «Мадагаскар» жеке балабақшасы 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарына өзін-өзі бағалауы МЖМБС талаптарына сәйкес деп танылсын.

Төрайымы

Хатшы:





Н.С.Серікова


Ж.М.Қуатова

Комиссия төрайымы: Н.С.Серікова – «Мадагаскар» жеке балабақша меңгерушісі 

Комиссия мүшесі:

А.А.Ахметкалиева-әдіскер, тәрбиеші 

Г.М.Халиуллина-тәрбиеші 

Ж.М.Қуатова -тәрбиеші 

Д.У.Батырова-есепші 